

**Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті**  
**Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі әзірлеген**  
**6B01710 «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының**  
**білім беру бағдарламасына**

**ПКР**

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының жоғары білім беру бағдарламасы 6B01710 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы мамандығының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, мамандық классификаторы, европалық біліктілік шеңберімен келісілген Дублиндік дескриптор негізінде жасалған.

Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасында мамандықтың біліктілігі, білім беру және кәсіби мақсаты, ЖБП, БП, КП циклдері бойынша модульдерді оқудың мақсаты, құрылымы анық және жан-жақты сипатталған. Бағдарлама мазмұнында пәндерге жеке-жеке тоқталып, оның мақсаты мен аңдатпасы қоса берілген.

Білім беру бағдарламасындағы құзіреттіліктер, атап айтқанда, кәсіби қызметінің өрісі, кәсіби қызметінің объектілері, кәсіби қызметінің пәні, кәсіби қызметінің түрлері, кәсіби қызметінің функциясы, кәсіби қызметінің типтік міндеттері түсінікті әрі нақты жазылып, болашақ мамандың бойында болуы тиіс қасиеттерге аса мән берілген.

«Білім беру мен оқытудың жаңа тәсілдері», «Инклузивті білім беру», «Ғылыми зерттеу қызметінің негіздері мен академиялық жазу сауаттылығы», сияқты заман сұранысына сай пәндер орынды енгізіліп, болашақ мұғалімдердің кәсіби біліктілігін шындауда тигізер пайдасы зор деп есептеймін. Әсіреле аймақтық әдебиеттануды дамыту мақсатында қолға алынып жатқан «Әдебиеттік өлкетану», «Аймақтық тұлғатану», «Марғұлантану» пәндерін ұтымды бастама ретінде баса айта кеткен жөн.

Әдебиет пәндерінің әр семестрде кезеңдер бойынша оқытылуы және пән атауы әр ғасырмен сәйкестендіріліп берілуі білім алушыларға өте ыңғайлы әрі түсінікті. Мысалы, ежелгі және хандық дәуір әдебиеті, XIX ғ. - XX ғ. басындағы қазақ әдебиеті және т.б.

Тіл мен әдебиетті ғылыми оқыту әдістемесі мен тіл/әдебиет теориясының «Тілдік мамандану модулі», «Әдебиеттік мамандану» модулі, «Әдістік оқыту модулі»; «Тіл мәдениеті модулі» болып жеке түсірілуі де құрастырушының осы саладағы мамандандыру біліктілігін танытады.

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына арналған жоғары білім берудің білімдік бағдарламасы тиісті талаптарға сай жасалып, мүмкіндігінше студент менгеруі тиіс, қажет мәселелерге көніл бөлінген. Бағдарлама жинақы, нақты, түсінікті жасалып, қазіргі білім беру жүйесіне негізделген. Әр пән бойынша оку нәтижелеріне қойылатын талаптар мемлекеттік стандартта көрсетілгендей түсінігі болуы керек, білуі керек, істей білуі керек, дағдысы болуы керек, құзіреттілігі болу керек деген мақсаттарға сай.

Болашақта осындай жоғары білім берудің білімдік бағдарламасы бойынша білім алған студенттен білікті де білімді, өз ісін жетік менгерген, жан-жақты, өз мамандығына адал маман шығады деп ойлаймыз.

Ы.Алтынсарин атындағы  
дарынды балаларға арналған облыстық  
қазақ-гимназия интернатының директоры

Г.Т.Қалдыбаев

